




Табиғаттағы жыртыштар





Орындаған: Әбдірасыл Қазына

Сыныбы : 6

**Жетекшісі: Смагулова Айгул ,биология пәнінің
мұғалімі**

**Мекен-жайы: Қызылорда облысы, Жалағаш
ауданы, Таң ауылы**

Мектебі : “118 орта мектебі” КММ-сі

Жыртқыш өсімдіктермен танысыңыз

Табиғат өзінің тылсым сырларымен қызықты. Оны зерттеп танудағы ғылыми еңбектер аз. Өсімдіктің өзінің мың сан құпиясы бар. Соның бірі – жыртқыш өсімдіктер. Жыртқыш өсімдіктер тарихы 18 ғасырды-ақ белгілі болған.

Ең алғаш шыбынжек жапырақ өсімдігіне ботаникалық түсінікті 1769 жылы ағылшын натуралисі Джон Эллисон өзінің Карл Линнейге жазған хатында сипаттаған.

Жыртқыш өсімдіктер – көпжылдық шөптесін болады. Қалың шөп арасында, батпақты жерлерде өседі. Олар жәндікті фосфор, калий қоры ретінде пайдаланады. Жәндікті түрі өзгерген жапырағы арқылы аулайды. Жәндікті өздеріне әдемі түстерімен, иістерімен, шырышты қоспаларымен еліктіреді. Жапырағында жәндікті қорытатын пепсин және органикалық қышқылдар болады.

Жыртқыш өсімдіктердің жәндіктерді аулау механизмі

Жапырақ тақтасындағы
тікенді
тістері арқылы аулау.

Жапырақтарынан
бөлінген
шырыш арқылы аулау

Құмыра секілді
жапырағы
арқылы аулау




Жәндікқоректі өсімдіктер негізінен тропиктік аймақтарда кездеседі. Қазақстанда Зтуысы мен бтүрі бар.Қорегін аулау үшін олардың ағзалары әртүрлі жағдайға бейімделген. Мысалы, дүңгіршектің жапрағының саңылауы болады, оның қалқаншасы ішке қарай ашылады да,оған кірген ұсақ жәндік кері шыға алмай,өсімдікке қорек болады.

Жаза берсек олар туралы қызықты мәліметтер өте көп.Енді осы өсімдіктерге жеке тоқталайық:

Дәнел (альдрованда)- шықшөптер тұқымдасына жатады.Қазақстанда өзен-көл бетінде жүретін 1 түрі бар. Биіктігі – 5-10 см, тамырсыз жіп тәрізді сабақтары су бетінде қалқып жүреді. Жапырақтары –шоғырланып, жалпақ сағағының ұшында ұзын біз тәрізді болып жетіледі. Ол бүрлері арқылы көбейіп, бүрлерін су құстары таратады.Шілде-тамыз айында гүлдеп,жеміс береді.Жемісі – қақырап ашылатын қорапша.Тамыры ұсақ,өте көп.





Альдрованда пузырчатая



Библис - өзінен желім бөлу арқылы жәндікті еліктіреді. Бөлінген желімге жәндік қана емес, бақа тіпті құстар да ілініп жем болады. Австралия елінің тұрғындары осы желімді скотч жасауда пайдаланады.





Саррацения – осы туысқа 9 түр жатады, барлығы батпақты жерде өседі. Түсі өте ашық, тіптен гүл жармаған түрінің өзі де адамды өзіне еліктірмей қоймайды. Алқызыл түсті, тәтті шырын бөлетін қармалауыш – жапырақ ертегілердегі гүлді елестетеді. Әдемі гүлге қызыққан жәндік өсімдік қорегі болады.








Шыбыншы Венераина

Бұл өсімдік атауы - өсімдіктер мен махаббат патшайымы Венераның құрметіне берілген. Олар табиғатта өрмекші, құрт-құмырсқа, ұлулармен қоректенеді. Негізінде бұл өсімдіктер АҚШ-тың Атлантикалық жағалауындағы ылғалды климатта өседі. Сондай-ақ бөлме өсімдігі ретінде де өсіруге әбден болады.



Африкандық гиднора - әлемдегі қайталанбайтын өсімдіктердің бірі.

Аталған гүл өте сирек кездесетін болғандықтан, Африка шөлін жай ғана аралап жүрген адамға оны табу не көру қиынға соғады. Осы бір табиғат тамашасының кескініне қарап өсімдік деп айта алмайсың. Бір қарағанда саңырауқұлаққа да ұқсайды, гүлдің атауы атауы да саңырауқұлақ құрметіне берілген.

Гиднор – грек тілінен аударғанда “саңырауқұлақ” дегенді білдіреді. Гүлдің көлемі – 10-15 сантиметрді құрайды.




Жәндікқоректі **Африкандық**
гиднора жартылай бөлінген
қауынға ұқсайды.




Непентес


Бүгінде Непентес гүлінің 120-ға жуық түрі бар. Көп түрі тропикалық Азияда, әсіресе Калимантан аралында өседі. Өсімдік атауы – ежелгі грек мифіндегі “непенфа” атты ұмыту шөбінің құрметіне берілген. Мұндай өсімдіктің басым бөлігі бұталы не жартылайбұталы шырмауық түрінде өсіп, ылғалды климатта өседі.







Шықшөп(росянка) - өзі атас тұқымдасқа жататын көп жылдық жәндікқоректі өсімдік. Тропиктік және қоңыржай белдеуде, негізінен Австралия мен Жаңа Зеландияның ылғалды аймақтарында өсетін 100 – ге жуық түрі белгілі. Қазақстанда 2 түрі теңгежапырақ шықшөп және англия шықшөбі бар. Шықшөп минералдар мен минералды қосылстар аз жерде өседі. Мұндай жерде өскен шықшөп өзіне азот, калий, фосфор жетіспегендіктен жәндікпен қоректенеді. Теңгежапырақ шықшөп – дәрілік өсімдік.



Дөңгелек жапырақты шықшөп



Жыртқыш өсімдіктерді үй жағдайында өсіре алмаймыз деген түсінік бар. Бірақ өсіремін деген адамға бәрі де мүмкін, тек шыдамды болу керек. Шыбынжегіге жарық жыл бойы керек. Егер жарық жетпесе қолмен жарықтандыру керек. Жаз айында өсімдік суды көп қажет етеді. Бірақ қайнаған су мен жаңбыр суын пайдалану керек. Қыс айында суды азайтып берген дұрыс. Непентес жыртқыш өсімдігін қолдан өсіру сонша қиын емес. Тек ылғал мен ауа мол болу керек, өсімдік кеуіп кетпеу керек.

Шықшөпті үй жағдайында өсіру қиындау, оны аквариумға салып өсіру керек.

Саррацения аса күтімді қажет етпейді. Су жеткілікті болса, терезе алдына қойып өсіруге болады.



Ұлы саңырауқұлақтар



Көңілкеш (веселка) – биіктігі 10-30 см қалпақшалы саңырауқұлақ. Жаңа жетілген денесі 6 см-ге дейін жетеді, осы кезде ол тәтті болады. Францияда шикі күйінде шалғам сияқты қолданылады. Пайдаланар алдында сыртқы қабығын аршып тастау керек. Саңырауқұлақтың арнайы формасы мен оның даму кезеңіндегі иісінің өзгеруі адамның қызығушылығын тудырды. “Шайтан жұмыртқа” аталатын ірі болған түрі ұлы болып саналады.



Бозғылт арамқұлақ жаздың екінші жартысы мен күзде өседі, аса улы болады. Ол сары, жасыл, ақ түсті болатын түрлері де бар. Саңырауқұлақ түсі ақшыл болған сайын оның улылығы да күшті. Бала осы саңырауқұлақтың 1/3 бөлігін жесімен – ақ өте ауыр күйге ұшырайды. 1-4 сағат арасында жасырын мерзімнен кейін уланған адамның іші қатты бүріп ауырады, құсады, іші өтеді, құрысады. Екінші күні дене қызуы көтеріліп, бүйрегі түйнейді. Адам көбіне осы бүйректің жеткіліксіз қоректенуі (дистрофия) салдарынан өледі.



Шыбынжүтпен улану біршама жеңіл. Шыбынжүтты басқа саңырауқұлақтан ажырату қиын емес, қызыл, сұр т.б түрлері бар. Шыбынжүтта атропино тектес алкалоидтар, мускарин, аманитин кездеседі. Улану негізінен мускариннің әсерінен болады. Жасырын кезеңі 1-2 сағатқа созылады. Адам қатты терлейді, көзінен жас ағады, жүрегі айнып, іші өтеді, бұрап ауырады. Көзіне бірденелер елестейді. Сауығу әдеттегідей 1-2 күннен кейін болады. Өлімге душар ететін кездері де болады.

Жыртқыш бунақденелілер



Цеце шыбыны

Жыртқыш бунақденелі – цеце шыбыны. Нағыз шыбындар тұқымдасына жататын туыс. Африканың ылғалы мол ормандарында 20 – ға жуық түрі таралған. Цеце шыбыны денесінің ұзындығы – 9-14 мм. Ет тұмсығы мен ұзындығы басы мен кеудесінің ұзындығымен бірдей. Қонып отырғанда канаттары арқасына айқаса жабылады. Бұлардың барлық түрі де тірідей туады. Дернәсілдері туысымен бірден қуыршаққа айналады. Көп түрі ауыр ауруларға шалдықтыратын трипанасомаларды таратады. Адамда ұйқы ауруын тудырады, осы аурудан Африкада жылына бірнеше мың адам ажалға тап болады.



Пестрянка көбелегін ашық күні көп кездеседі. Қанатын жайғанда 33-38 мм болады. Алдыңғы қанатының ұзындығы – 2 см-ге дейін жетеді. Олар бір гүлден екінші гүлге ауыр қозғалып ұшады. Егер көбелекті ұстап алсаң, ол “тірі өлікке” айналады, сосын өзінен жағымсыз иісті сұйықтық бөледі. Оны құстар да азық қылмайды, сонымен бірге оның дернәсілі де жағымсыз иісті болады. Көбелек қанатындағы қызыл дақтар оның қанының құрамында өте күшті у – цианидтің бар екендігінен хабар беріп тұрғандай.



Улы Азиялық аралар адам өміріне өте қауіпті, алғаш Жапония жерінен табылған. Бұл қанішер-бунақденелі Жапон теңізіндегі Цусима атты алыс аралдан жапон мамандары арқылы табылды. Бұл қауіпті жәндік тегі Қытайдан шыққан. Пайда болған кезінен бері олар Қытайда, Оңтүстік Кореяда адам денсаулығына қауіп төндіріп үлгерген, сонымен бірге Европаның елдеріне де таралуда. Денесінің ұзындығы – 3 см болғанмен өзінен үлкен жәндіктерге, ұясына жақын маңда жүрген адамдарға шабуыл жасаған. Бұл аралардың кәдімгі арадан айырмашылығы оның уы адамды өлтіріп жіберуі әбден мүмкін.



Қаракұрт – улы өрмекшітәрізділер тұқымдасына жатады. Толық жетілген ұрғашы қаракұрттың түсі қара, денесі – 10-20 мм, ал жетілмеген ұрғашысы мен аталығының денесі 4-7 мм, қызыл дақтары болады. Улы бездері кеуде-бас қуысына орналасып, өзекше арқылы хелицермен жалғасқан. Ақзаттан тұратын у өте күшті нейротроптық у. Адамдарды қатты уландырып, кейде өлімге душар етеді. Дер кезінде жедел көмек берілмесе, уланған адам 1-2 күн өмір сүруі мүмкін. Қаракұрт шағып алған жағдайда сол жерді сіріңкемен күйдіріп жіберу керек.

Жыртқыш жануарлар



Кобра ұзындығы 5,6 метр болатын дүние жүзіндегі ұзын улы жылан болып есептеледі. Егер бір рет адамды шағатын болса оны өлтіру оған қиын емес. Ол тіпті үлкен азия пілінің өзін 3 сағат ішінде жан тәсілім ете алады. Оның уы Қара Мамба жыланынан 5 есе күшті. “Кобра” сөзі португал тілінен аударғанда жылан дегенді білдіреді. Олардың уы жүйке жүйесіне әсер етіп, тыныс алу орталығын жансыздандырады. Кобраны арнайы уын алу үшін арнаулы орындарда ұстайды.



Қатыгез жылан (тайпан) өте улы, оның уы 100 ересек адамды немесе 250 000 тышқандар армиясын жайратып салады. Оның уы – нейротоксикалық, кәдімгі кобра уынан 200-400 есе күшті. Адамды шаққаннан кейін 45 минут ішінде өлімге әкеледі. Бірақ бұл жылан өте сақ, өзіне қауіп төнгенін сезсе кетіп қалады, және уына қарсы қолданылатын дәрі бар. Австралияны мекен етеді.



Улы бақа – Орталық және Оңтүстік Американың жаңбырлы орманын мекендейді, өте кішкентай болғанымен өте улы. Оның денесі бар болғаны – 5 см, бірақ уының күші 10 адамға жетеді. Бұрынғы замандарда жергілікті тайпа тұрғындары садақтың оғының ұшына жағып, аң аулаған.





Жолбарыс балық – ұзындығы 2 метр болады. Ең танымал жыртқыштардың бірі. Бұл балықтан көптеген сулы аймақ адамдары зардап шегеді. Ең басты қаруы - өткір тістері.





Шар – балық – омыртқалы жануарлар ішіндегі өте улы түрі. Кей түрлерін мысалы Фугу балығын Жапония мен Кореяда деликатес ретінде пайдаланады, бірақ кей ағзалары және балық қабығы улы болып келеді. Фугудың уы сал ауруын тудырады, оттегі жетіспеу салдарынан тыныс алуы қиындайды. Сондықтан Жапонияда балықты тағам ретінде дайындау арнайы аспаздарға ғана рұқсат етіледі.



Reklama.com.ua

Пирания – Оңтүстік Америкада тіршілік ететін жыртқыш балық, ұзындығы 60 см–ге дейін жетеді. Жас кезінде түсі көкшіл күміс түстес, есейе келе қара түске ауысады. Қатты өткір тістері таяқты және саусақты оңай тістеп алады. Балық тіршілік ететін өзеннен малды айдап өткен кезде бақташылар міндетті түрде бір малынан айырылады. Олар бір-біріне жиі шабуыл жасайды, мазасыз болғанына қарамастан кей балықсүйгіштер оны үйінде аквариумда ұстайды.

Пираниялар жолындағының бәріне шабуыл жасайды, ірі балық болсын, үй жануары және жабайы жануар болсын, тіпті адамға да қауіп төндіреді.



Қазір **акуланың** 350-дей түрі бар, барлық теңіздер мен мұхиттарда таралған. Денесінің ұзындығы 15 см –ден 20 м- ге дейін болады, салмағы 14 тоннаға дейін тартады. Оның көру қабілеті жақсы емес, есесіне иіс сезуі өте жақсы жетілген. Жемін аулауы осы қасиетіне негізделген.

50 түрі қатерлі жыртқыш болып саналады. Олар көп жағдайда күндіз адамдар көп шомылатын суларда жағаға жақын жерге келіп, шабуыл жасайды.

Ақ акула – үлкен жыртқыш, ет жегенді ұнатады. Сол себепті оны “теңіз арыстаны” дейді.



Ителгі – бүркіттен кейінгі аң алатын қабілетті құс. Оның алатыны киік, елік, қарақұйрық, қоян. Құстардан қоңыр қаз, дуадақ, тырнат. б ұстайды. Ителгі лашын мен қаршыға сияқты шапылдақ, тез қиып түсетіні болмаса да, ол көбіне өжет, мықты құс болғандықтан алымпаз құс қатарына жатады. Ителгі түскен аңынан айырылып қалса, бәрібір оны қоймай жүріп алады. Бір ерекшелігі ол аңнан ешуақытта қорықпайды, жабысып соның соңында өледі.



Питаху – Жаңа Гвинеяның тропикалық орманын мекендейтін әлемдегі улы құс. Оның терісі мен қауырсыны күшті табиғи улы нәруызсыз батратоксинмен қапталған. Кейде осы уының көмегімен ұясындағы паразиттерді жояды. Бірақ оның уы тек жануарға ғана қауіпті емес, адам үшін өте қатерлі. Егер адам құсты ұстайтын болса қолы жансызданып, ештеңе сезбей қалады. Егер токсин уы қанына тарайтын болса, жүрегіне өте қауіпті, тоқтап қалады.



Бұл қарапайым **қаз** Африка мен Сахараның оңтүстігін мекендейді, бір қарағанда сүйкімді болып көрінгенімен оның улы екенін адам байқамай қалады. Салмағы 7 кг болғанда ол бір территорияны мекен етіп, оған ешкімді жолатпайды. Оның қанатында 2 пар алмас сияқты өткір зат болады, оны күресте қолданады. Құс өз денесінде улы өндірмейді, ол улы өзі қорек ететін улы қоңыздардан алады. Егер улы қоректі жемесе, денесінде улы болмайды.



Сауытты тасбақалар – Америкада тіршілік ететін барынша сақ жануар, оны қолға үйрету өте оңай. Тасбақаның “сауытты” деп аталуы ол жасырынған кезде сауытына оңай сияды. Егер тасбақаны қорек ретінде пайдаланатын болса, адам қатты улануы мүмкін. Себебі тасбақа өзіне қорек ретінде улы саңырауқұлақтарды пайдаланады.



Австралия сегізаяғы - өте кішкентай, гольф добының мөлшеріндей болғанмен өте улы. Оның уы жойқын күшке ие, ол адамды сеспей қатыра алады. Бірнеше минут ішінде 26 адамға әлі жетеді, ешқандай уына қарсы қолданатын дәрі жоқ. Егер уланған кезде тез жәрдем берілмесе, сөзі бұзылады, көруі мен тыныс алуында қиындықтар пайда болады, содан соң денесі жансызданып, ауа жетіспегендіктен жүрегі тоқтайды.

Пайдаланылған әдебиеттер.

- 1. Уикипедия – ашық энциклопедиядан алынған мәліметтер.**
- 2.Ғаламтор беттерінен.**

